

## Пәкістан Ислам Республикасына ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қазандағы N 1026 Қаулысы

2005 жылғы 8 қазандағы жер сілкінісінің салдарынан зардап шеккен Пәкістан Ислам Республикасына ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) қосымшаға сәйкес Пәкістан Ислам Республикасына ізгілік көмек көрсету үшін материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервтен шығарсын;

2) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, жүкті бірге алып жүруді және алушыға беруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті Пәкістан Ислам Республикасына ізгілік көмек көрсету үшін заңнамада белгіленген тәртіппен көлемі 19 (он тоғыз) тонна ұнды (бірінші сұрып) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, Пәкістан Ислам Республикасына ізгілік көмек көрсетуге байланысты мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған материалдық құндылықтардың, сатып алынған ұнның құнын өтеу және оларды автомобиль және авиация көлігімен тасымалдау үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын енгізісін .

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ізгілік көмек жүгін Қарағанды қаласының әуежайынан Пәкістан Ислам Республикасы Исламабад қаласының әуежайына дейін жеткізуді қамтамасыз етсін.

5. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ізгілік көмек көрсету үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар материалдық құндылықтарды Қарағанды қаласының әуежайынан Пәкістан Ислам Республикасы Исламабад қаласының әуежайына дейінгі бағыт бойынша авиатасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының " Бүркіт" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша) белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ізгілік көмек алушыны белгілесін және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді жүзеге асырсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      1 4                      қ а з а н д а ғ ы

№ 1026 қаулысына қосымша

**Мемлекеттік материалдық резервтен шығарылатын,  
ізгілік көмегін көрсетуге арналған материалдық  
құндылықтардың тізбесі**

Ет-өсімдік консервілері (арпа жармасынан жасалған ботқа) 325 граммнан - 30024  
б а н к і .

Шаруашылық сабыны 250 граммнан - 1 тонна.

Жиырма орындық палаткалар (қыстық) - 26 дана.

Матрац (мақта салынған) - 520 дана.

Жамылғы (жартылай жүннен тоқылған) - 520 дана.

Жастық - 520 дана.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК